

ISSN 1999-4214

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

**№ 3/2021**

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Нұр-Сұлтан, 2021

Nur-Sultan, 2021

Nur-Sultan, 2021

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
*филология ғылымдарының кандидаты, доцент Еуразия гуманитарлық институты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
*Философия докторы (PhD), доцент Еуразия гуманитарлық институты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан*

### **Редакция алқасы**

- Аймұхамбет Ж.Ә.** ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
- Ақтаева К.** ф.ғ.д., проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша.
- Әбсадық А.А.** ф.ғ.д., проф., А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
- Бредихин С.Н.** ф.ғ.д., проф., Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
- Гайнуллина Ф.А.** ф.ғ.к., доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей Қазақстан
- Ермекова Т.Н.** ф.ғ.д., проф., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
- Есиркепова К.Қ.** ф.ғ.к., қауымдас. проф А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
- Жүсіпов Н.Қ.** ф.ғ.д., проф. Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
- Курбанова М.М.** ф.ғ.д., проф., Алишер Наваи атынд. Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
- Қамзабек Д.** ф.ғ.д., проф. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
- Құрысжан Л.Ә.** ф.ғ.д., проф., Ханкук шетелдік университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
- Онер М.** ф.ғ.д., проф., Эгей университеті, Измир, Туркия
- Пименова М.В.** ф.ғ.д., профессор Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
- Сайфулина Ф.С.** ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

*Редакцияның мекенжайы: 010009, Нұр-Сұлтан қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz*

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген № 1854-Ж 27.03.2001  
Басуға 25.10.2021ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 86  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института,  
Нур-Султан, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института, Нур-  
Султан, Казахстан

### **Редакционная коллегия**

- Аймухамбет Ж.А.** д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
- Актаева К.** д.ф.н., проф., университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша.
- Абсадық А.А.** д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
- Бредихин С.Н.** д.ф.н., проф., Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
- Гайнуллина Ф.А.** к.ф.н., доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
- Ермекова Т.Н.** д.ф.н., проф., КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан
- Есиркепова К.К.** д.ф.н., проф. Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
- Жусипов Н.К.** д.ф.н., проф., Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
- Курбанова М.М.** д.ф.н., проф., Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
- Камзабек Д.** д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
- Курсыжан Л.А.** д.ф.н., проф., Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
- Онер М.** д.ф.н., проф., Эгейский университет, Измир, Турция
- Пименова М.В.** д.ф.н., проф., Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
- Сайфулина Ф.С.** д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Нур-Султан., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт».  
Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан № 1854-Ж 27.03.2001.  
Подписано в печать 25.10.2021ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ №86  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**  
*Candidate of Philological Science, Associate Professor of the Eurasian Humanities  
Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**  
*Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute,  
Nur-Sultan, Kazakhstan*

### *Editorial Board*

- |                         |  |
|-------------------------|--|
| <b>Aimuhambet Zh.A.</b> | D.Ph.Sc., Professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan   |
| <b>Aktayeva K.</b>      | D.Ph.Sc., Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland   |
| <b>Absadyk A.A.</b>     | D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan                                    |
| <b>Bredikhin S.N.</b>   | D.Ph.Sc., Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF  |
| <b>Гайнуллина Ф.А.</b>  | C.Ph.Sc., Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan  |
| <b>Yermekova T.N.</b>   | D.Ph.Sc., Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan  |
| <b>Yesirkepova K.K.</b> | D.Ph.Sc., Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan                                    |
| <b>Zhusipov N.K.</b>    | D.Ph.Sc., Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan  |
| <b>Kurbanova M.M.</b>   | D.Ph.Sc., Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan |
| <b>Kamzabek D.</b>      | D.Ph.Sc., Professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan   |
| <b>Kartayeva A.M.</b>   | D.Ph.Sc., Professor, East Kazakhstan University named after S. Amanzholov, Oskemen, Republic of Kazakhstan                           |
| <b>Kuryszhn L.A.</b>    | D.Ph.Sc., Professor, Hankulc University of Foreign Languages, Seoul, South Korea   |
| <b>Oner M.</b>          | D.Ph.Sc., Professor, Aegean University, Izmir, Turkey  |
| <b>Pimenova M.V.</b>    | D.Ph.Sc., Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF  |
| <b>Seifullina F.S.</b>  | D.Ph.Sc., Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF  |

*Editorial address: 010009, Nur-Sultan., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Caïm: ojs.egi.kz*

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «Eurasian Humanities Institute».

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan № 1854-Ж 27.03.2001.

Signed for printing 25.10.2021 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 86

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

# МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

## ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

<b>АБИШЕВА К.М., НУРЖАНОВА З.М.</b>	КОГНИТИВНО-МАТРИЧНЫЙ АНАЛИЗ РОЛИ АВТОРА В ФОРМИРОВАНИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗА ПЕРСОНАЖА КАК ОБЪЕКТА ПОЗНАНИЯ.....6
<b>МАУКАРА А.С.</b>	РОЛЬ ВИДОВОЙ ОСОБЕННОСТИ ЭКЗОТИЗМОВ В ПЕРЕДАЧЕ КУЛЬТУРНОГО СМЫСЛА (на материале романа Х. Хоссейни «Бегущий за ветром») .....18
<b>НУРГАЛИ К.Р., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.</b>	ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ДРАМЫ А.П. ЧЕХОВА .....24

## ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

<b>АВАГАНОВА А.О., НАДЖИЕВА F.S., НУРГАЛИ К.Р.</b>	ANALYSIS OF THE ART SPACE AND TIME AS THE BASIS FOR THE INTERRUPTION OF THE ART WORLD OF THE PELEVIN NOVEL .....34
<b>АЛИМБАЕВ А.Е.</b>	ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АЛФАШҚЫ ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ .....43
<b>АМАНГАЗЫҚЫЗЫ М., САЙFULINA F.S.</b>	MODELS OF WORLD CAPITALS IN THE PROSE OF THE XXI CENTURY .....54
<b>БАТАН С.</b>	ШӘКӘРІМ ЖӨНІНДЕГІ МҮСІЛІМ БАЗАРБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....60
<b>ЛЕЙМЕНОВА К.М.</b>	ФОЛЬКЛОРНЫЕ ТРАДИЦИИ В ТВОРЧЕСТВЕ С. САНБАЕВА (на примере повестей «Белая Аруана» и «Когда жаждают мифа») .....65
<b>МАЖИТОВА Д.М.</b>	МОТИВЫ ФОЛЬКЛОРНОГО ЭПОСА В ПОЭЗИИ СЕРГЕЯ ЕСЕНИНА.....73

## ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

<b>МУКАШЕВА М.К.</b>	ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН Қ. БІТІБАЕВА ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ .....81
----------------------	---

А.Е. АЛИМБАЕВ

Еуразия гуманитарлық институты  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан (E-mail: aslan\_alimbaev)

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ  
«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ**

**Аңдатпа.** Түркі халықтарының жазу-сызуы, мәдениеті, дәстүрі, жүріп өткен жолдары, жалпы тарихы болғандығын V-VIII ғасырдың өзінде-ақ тасқа қашалып жазылған жазулар дәлел бола алады. Мақалада Орхон ескерткіштерінен Орта Азияны мекендеген түркі халықтары жөнінде деректермен таныса отырып, көне түркілердің V ғасырдың өзінде-ақ, «мәңгілік тәуелсіз ел» болу үшін күрескені айқындалынады. Сондай-ақ, қазіргі тіл білімінің тарихи-салыстырмалы бағытын белгілеп, түркітану ғылымын жүйеге келтіруде Орхон ескерткіштеріндегі руникалық жазулардың маңыздылығы қарастырылады.

**Түйін сөздер:** түркі, қаған, аударма, транскрипция, түркология, тас жазуы, ескерткіш, тарих, жыр, орхон. Күлтегін, Білге, Тоныкөк, эпостық жыр, руника, топонимика, мәңгілік ел.

**Кіріспе.** Қазақ халқы тарихқа V-VI ғасырда «түркі» деген атпен белгілі болған. Түркі елінің ежелгі тарихы біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырдан, ертедегі ғұндар империясының құрылу кезеңінен басталады да, біздің заманымыздың IX ғасырын қамтиды. Ел болған соң, өзіне тән дәстүрі, мәдениеті, жазу-сызуы болатыны анық. «Тюркоязычные народности и их языки имеют весьма древнюю письменную традицию, восходящую, по крайней мере, к рубежу нашей эры» [1, 17]. Яғни, түркі халықтарының жазу-сызуы, мәдениеті болғандығын V-VIII ғасырдың өзінде-ақ тасқа қашалып жазылған жазулар дәлел бола алады. Осы жазулардан ежелгі түркілердің сыртқы жаудан елін-жерін қорғап, мәңгілік, тәуелсіз ел болуды мақсат еткендіктерін оқып біле аламыз. Мәселен, VII-VIII ғасырдағы түркі халықтарының шежіресінен сыр шертетін «Орхон ескерткіштері» әйгілі батырлар Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк батырлардың ерлік істеріне арналған. Солтүстік Моңғолиядан табылған орхон ескерткіштеріндегі жазуларға ең алғаш 1893 жылы көп тілді меңгерген Дания ғалымы В. Томсен назар аударып, тастағы алфавиттерді анықтайды. 1893 жылы орыс ғалымы В. Радлов дат ғалымы В. Томсен анықтаған алфавит бойынша тастағы тексті орыс тіліне аударды. С.Е. Малов ежелгі түркі жазба ескерткіштері жөнінде жазылған еңбегінде: «В.В. Радлов пользуясь открытием В. Томсена, первый дал перевод этих больших надписей. Памятник на берегу Орхона, открытый Н.М. Ядринцевым, оказался поставленным в честь тюркского кагана Могилияна (ум. в 734 г.) и его брата принца Кюльтегина (ум. в 732 г.). Так был найден новый источник для истории кочевых государств, о которых раньше черпали сведения только из китайских летописей. Но главным образом они ценны для нас со стороны своего языкового материала» [2, 181] – деп, бұл ескерткіштердің түркі тілдес халықтардың тілін зерттеуде пайдалы болатынын айтады.

В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, С.Е. Маловтар мәтінді орыс тілінде жолма-жол, қарасөз үлгісінде берсе, И. Стеблева өлең түрінде береді. Бертін келе ескерткіштердегі жазулар басқа да ғалымдардың қызығушылығын тудырып, көптеген тілдерге аударылып, зерттеле бастайды. Мәселен, түркітанушы Х. Оркунтүрік тілінде аударып, транскрипциясын берсе, Х. Оркуном [3, 571]. Т. Текин де ағылшын тіліне аударып, транскрипциясын береді [4, 19]. Ал, қазақ тіліне А. Аманжолов, Г. Айдаров [5, 177] транскрипциялап, аударды. Қазіргі кезде қазақ тілінде бұл ескерткіштердің заманауи түрі М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы, Қ. Мырзали, Н.Г. Шаймерденовалардың аударма нұсқалары қолданылуда.

Ғалымдардың анықтағанындай, орхон ескерткіштері Түрк қағанатына кіретін қазіргі

түркі халықтары: қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, татар, азербайжан, түркімен, алтай, хакас, қарақалпақ, башқұрт, чуваш, ойраттарға ортақ болып келеді. Себебі, 5-8 ғасырда бұл халықтар қазіргі Орта Азия, Еділ бойы, Каспий жағалауларында: скиф, үйсін, қаңлы, дулат, оғыз, қыпшақ деген ру атауларымен аталған еді. «5 ғасырдан бастап осы аталған рулардың бәріне түсінікті, ортақ түркі тілі қалыптаса бастайды. Бүкіл Сібірді, қазіргі Қазақстан мен Орта Азияны түгел жайлаған «ұзын найзалы, жарау атты» түріктер үш ғасыр (6,7,8, ғасыр) бойы кең далада адам айтқысыз алапат, жойқын соғыстарды басынан кешкен» [6, 224].

«Түрк» этнонимі алғашқы кезде белгілі бір адамның ата-тегі шонжар топтан немесе әскери аксүйектерден шыққанын білдірген. Кейінірек, бұл сөздің семантикасы бірте-бірте ұлғайып, билік жүргізуші, үстемдік етуші, яғни «патша» шыққан тайпаның символы болған. Бертін келе сол билік етуші тайпаға бағынышты болып қалған тайпаларды да көршілері түркілер деп атап кеткен» [7, 264].

Ұрпаққа үлгі етер істері молынан екендігін тасқа қашап жазған жазулармен қатар Иран, Парсы, Қытай т.б. жазба деректерінен табатынымыз анық.

Әдебиеттанушы ғалым А. Қыраубаева: «Қазақтың ілкі ата-бабалары – түркілер, ғұндар, сақтар. Солар жасаған мәдениетке ортақпыз. Өз алдына қазақ хандығы құрылғанға дейінгі (XV ғ.) дәуірлерде бізді жалпы атпен түркілер деп атаған. Көк Тәңіріне табынып, Көк бөриден тарағандықтан, Көк Түріктер атанғанбыз» [6, 232] – дейді.

Көне түркі әдебиеті нұсқаларының сюжеттік байланыстар мен кейіпкерлер табиғатын жан-жақты, жүйелі қарастыру керек. Жалпы, қазақ филологиясы ғылымында бұл тақырып төңірегінде белгілі әдебиеттанушы және лингвист ғалымдар А. Аманжолов, Ғ. Айдаров, М. Жолдасбеков, С.А. Қасқабасов, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, А. Егеубаев және т.б. ғылыми еңбектер жазған. Сақтар, ғұндар және түрк қағанаты дәуірі туғызған қаһармандық дастандар: «Алып Ер Тоңға», «Шу», «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекөн», «Күлтегін», «Тонькөк» және т.б. Бұл жырлардың біразы құлпытастарға өте мәнерлеп жазылған. Бұларды тасқа жазылған кітап деуге болады. Мақаламызда аталғансоғыстарда ерлік көрсеткен ежелгі түркі халқының батырлары мен хандары жайында жазылған ескерткіштерге тоқталамыз.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Тастағы жазуларды оқу, транскрипциялау, аудару оңай емес. Десек те, бірқатар ғалымдардың қызығушылығын тудырған орхон ескерткіштері әлі де зерттелу үстінде. Ғылыми мақаланы жазу барысында алға қойған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін «Орхон ескерткіштері» назарға алынып, тарихи-салыстырмалы, функционалды, компаративистік талдау әдістері қолданылды. Тастағы мәтіндерді транскрипциялаған, аударған ғалымдардың еңбектері сарапталынып, салыстыру, жүйелеу, жинақтау, тұжырым жасау әдістері пайдаланылды.

Ескерткішке жазылған жазуларды түрколог ғалымдар –руна жазбалары деп атаған. Руна – «құпия» немесе «белгісіз» деген мағынаны береді. Бұл жазу VII-IX ғасырлар аралығында Қазақстан аумағында көне руна жазуының кеңінен қолданылғанын балбал тастардан, ескерткіштер айғақтайды. Ескерткіштегі жазулар ежелгі түркі халқы қолданған ең алғашқы алфавит болып есептеледі. «Бұл жазулар түркі тайпаларының талабы мен қажетін өтей білген, түркі тайпалары тілінің дыбыстық ерекшеліктерін дәл бере алған» дейді профессор П. Мелиоранский. Орхон алфавитінің шығуы жөнінде түрколог ғалымдар арасында талас пікірлер де бар. Мәселен, орхон ескерткіштеріндегі әріптерді В. Томсен, В. Радлов, П. Мелиоранский, С. Толстов арамей жазуынан келген десе, В. Радлов пен С. Киселев бұл әріптер батыстан келген деп топшылайды. В. Радлов ескерткіштер тілінде диалектілік ерекшеліктердің бар екендігін айтады да, ежелгі солтүстік диалектіге: түркі тілдерін, ежелгі оңтүстік диалектіге: ұйғыр тілін, аралас диалектіге: батыс және шығыс көне түркі тілдерін жатқызады. Десек те, бұл жазулар қазіргі кезде түркологияда көне түркі жазуы деп аталынады. Тастағы жазбаларды жанрлық тұрғыдан анықтау ғалымдар үшін оңайға соқпайды. Бірі жыр десе, бірі қарасөзге, естелікке, тіпті шежіреге балады. Біз бұл жұмысымызда орхон ескерткіштеріндегі жазулардың мазмұнына, құрылымына назар

аударып, түркі халықтарының алғашқы эпикалық жыр екендігін дәлелдейміз.

Орхон ескерткіштеріндегі мәтіндерге қазақ, орыс тіліндегі транскрипциясын, аудармасын салыстыра отырып, автордың жазудағы мақсатына, идеясына және таңдаған жанрына мән бердік. Кейіпкер сомдау жүйесін, стильдік-тілдік қолданыс ерекшелігіне назар аудардық.

**Талқылау мен бақылау.** Көне түркі жазуының ескерткіштері Орталық Азия аумағында көп табылған. Олардың ішіндегі ең белгілісі Солтүстік Моңғолия жеріндегі Орхон, Селенга, Толы өзендерінің табылған тастағы жазулар. Бұл жазулар Орхон ескерткіштері деп аталынады. Аталған тастарда түріктердің атақты билеушісі Білге қаған, батыры Күлтегін, кеңесші Тоныкөктің ерліктері баяндалады. Осы ескерткіштердің ішінде біз Күлтегін тасынан бастап қарастырамыз. Ескерткіш – Моңғолия өлкесі, Орхон өзені бойындағы Эрдени Цзу монастырының жанына орнатылыпты. Ескерткіштің биіктігі 3,15 метр, ені 1,34 метр, қалыңдығы 0,41 метр. Тастағы жазуда Күлтегін батыр туралы, халқы үшін жасаған ерліктері айтылады. «Күлтегін қабіріне қойылған екі ескерткіштің бірі ғылымда «кіші жазу, ал екіншісі «үлкен жазу» деп аталып кеткен. Бұл екі дастанның да авторы – өз дәуірінің аса дарынды ақыны, көрнекті қоғам қайраткері Иоллығ тегін (8-ғасыр)» [8, 210].

Үлкен жазу мен кіші жазудағы сюжеттер бір-бірін толықтырып жатады. «Күлтегін» жырының үлкен жазуы 40 жолдан, кіші жазу 13 қатардан тұрады. Жырда бастан-аяқ Күлтегіннің ерлігі айтылады. Тарихшылардың зерттеуі бойынша Күлтегін 684-731 жылдары өмір сүрген. Ежелгі түркі қағанатының әскери қолбасшысы. Әкесі Құтлұғ белді қаған қызметін атқарады. Әкесі қайтыс болғаннан кейін, Күлтегіннің ағасы Білге «қаған» болып тағайындалады. Қытай деректерінде Білге қаған Могилян (mogilan) деп берілген екен. Ол 717-734 жылдар аралығында билік құрған. Білге қаған тұсында Түрік қағанаты үлкен империяға айналғандығын «Білге қаған» ескерткішінен білеміз. Білге қағанның ұлы Иоллығ-тегін Күлтегін жазуының авторы. Иоллығ-тегіннің мақсаты түркі елінің дәстүрін, тарихын мәңгіге тасқа жазып қалдыру. Ескерткіште Түркі қағанатын нығайту барысындағы Білге қағанның ел басқарудағы серігі Күлтегіннің атқарған ролі ерекше баяндалған. «Мазмұны мен пішіні жағынан ғана емес, ырғаққа, яки ритмге – үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануына негізделуі тұрғысынан да поэзиялық сипатқа ие» дейді орхон ескерткішіш жан-жақты зерттеген орыс ғалымы И.В. Стеблева [9]. Демек, ғалым тастағы жазуларды поэзиялық шығармаға жатқызады. Ал, белгілі түрколог-ғалым Л. Гумилев И.В. Стеблеваның пікіріне қарсы шығып: «бұл жазуларды ақындық шығармаға жатқызуға болмайды, себебі, біз одан өлеңге қажетті ырғақты таба алмадық» [10, 322] – дейді. Л. Гумилев орхон жырлары тек қана өлеңге құрылмаған, арасында қара сөз араласып отыратындығына да назар аударып отырса керек. Қазақ эпостық жырларының бір ерекшелігі жыршы жырдың негізгі оқиғасын баяндамастан бұрын өзі туралы ақпаратты берумен бастайды. Бұл тәсілді «Тоныкөк» жырының басталуынан кездестіреміз.

«Білге Тоныкөк, мен өзім, табғаш елінде тәрбиелендім. Түрк халқы (ол кезде) табғаштарға бағынышты еді». Байқап отырғанымыздай бұл сөйлемде поэзияға тән ырғақ жоқ, автор қарасөзбен өзі туралы түсіндіріп кетеді. Бұл, әдебиет теориясында эпостағы баяндау тәсілі деп аталады. Демек, өлеңге қарасөздердің араласып берілуі кейінгі түркі эпостарының стиліне тән тәсіл. Академик Ә. Марғұланның «Қазақтың да эпосында, негізінен, өткен тарихта орын алған оқиғалар, үйшілік-тұрмыстық суреттер, рутайпалардың ара-қатынастары жырланады» [11, 368] – деген анықтамасына сүйенсек, Орхон ескерткіштеріндегі жазулар қазақ эпосының бастауы десек те болады. Қазақ эпосының тууы жайындағы академик Қажым Жұмалиевтің мына бір пікіріне назар аударайық: «Қазақтың осы күнгі ұзақ эпостарының бастамалары ерте замандағы патриархалдық рулық құрылыс кезінде: үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ замандарында, әр рудың өз істерін ерлікке айналдырып жыр еткен қысқа көлемді жырларынан бастау алады» [12, 10]. Қазіргі кезде Күлтегін жазуы қазақ әдебиетінде де эпостық жыр деп оқытылып келеді. Жырда 16 жастағы



Күлтегіннің өмірінің соңына дейін жасаған ерлік істері айтылады. «Бүкіл Сібірді, қазіргі Қазақстан мен Орта Азияны түгел жайлаған «ұзын найзалы, жарау атты» түріктер үш ғасыр VI-VII-VIII ғ.ғ. бойы кең далада жойқын соғыстарды басынан кешкен»[13, 177].

Түркі жұрты табғач жұртымен көп соғысқан. «Табұас – табғач.«Тауғаш//табғаш». Табғачтар. Қазіргі атау бойынша «қытайлар». Б.з. IV-VI ғасырларда «Табғачтар // тобалар» солтүстік «қытай» Вэй (386-534 ж.) мемлекетін билеген жатылай көшпелі этнос болған. Қытайға толық сіңіп кеткен соң көне Түркітербүкіл «қытайды» табғач деп атаған. Сол сияқты «қытан//қытай» деген сөздер деотырықшы «қытайды» билеген жартылай көшпелі этностыңатауы» [14]. VII ғасырдың аяғында Қытай имперясымен соғысқан Түркі қағанаты жеңіліске ұшырайды. Кейіннен Құтлығ қағанның бастауымен Қытайға қайта соғыс ашып, жерін тартып алады. Түркі халқын біріктірген Құтлығ қаған 693 жылы қайтыс болады. Қағанның соңынан қалған екі баласы Білге мен Күлтегін ержеткенде 716 жылы Білге – қаған, Күлтегін – әскер басы болып тағайындалады. «Күлтегін» жырының кіші жазуы мен үлкен жазуының композициялық түзілісінде де реттілік сақталған. «Күлтегін» (кіші жазу) жыры әрқайсысы өз алдына дербес әрі сюжеттік жағынан бір-бірімен тығыз байланысты сегіз бөлімнен тұрады. Әрбір бөлім – мазмұны жағынан бір-бір хикая. Оның бірінші бөлімінде – қағанның өз халқына айтқан үндеуімен басталған.

Транскрипсиясы:

Теңрі тег, теңрі йаратмыш.

Түрк Білге қаған,

Бұ өдке олуртым.

Сабымын түгеті есідгіл:

Улайу інійігүнім, оғланым,

Бірікі оғушым, будунум,

Беріе-шад-апыт беглер,

Йырайа – тарқат буйрук беглер,

Отуз [15, 344].

Орыс тілінде:

«Небоподобный, неборождённый (*собств.* «на небе» или «из неба возникший») тюркский каган», я нынче сел (на царство). Речь мою полностью выслушайте (вы), идущие за мною мои младшие родичи и молодёжь (вы), союзные мои племена и народы; (вы, стоящие) справа начальники шад и апа, (вы, стоящие) слева начальники: тарханы и приказные, (вы) тридцать ...» [2, 181].

Қазақ тілінде:

Тәңірідей тәңірден жаралған

Түрк Білге қаған

Бұл шақта отырдым.

Сөзімді түгел естіндер:

Бүкіл жеткіншегім, ұланым,

Біріккен әулетім, халқым,

Оңымда шад, апа бектер

Соламда – тархан, бұйрық бектер

Отыз [15, 349].

Бұл өлеңді ұйқасы, не тармақтары (жолдары), буын саны бірдей келмесе де, дәл емес деуге болмайды. Мазмұнды берудегі образ, сөз мәнері дәлме-дәл. Бұл шумақта түркі халықтарының ұрпақтарына арналып айтылған үндеуі тұр. Екінші бөлімінде Түрік қағандығы қоныстанған жерінің кендігін бейнелейді.

Транскрипсиясы:

Ілгерү – күн тоғсыққа,

Бергерү – күн ортусыңару,

Құрығару – күн батсықыңа.

Иырғару – түн ортусыңару  
Анта ічрекі будун қоп маңа  
Көрүр, анча будун  
Көрүр, анча будун.

Орыс тілінде:

Впереди, к солнечному восходу, справа, (в стране) полуденной, назади, к солнечному закату, слева, (в стране) полночной, – (повсюду) там (*т.е.* в этих пределах) живущие (*букв.* находящиеся внутри) народы – все мне подвластны; столь много народов явсех устроил.

Қазақ тілінде:

Ілгері – күн шығысында,  
Оң жақта – күн ортасында  
Кейін күн батысында,  
Сол жақта – түн ортасында  
Осының ішіндегі халықтың бәрі  
Маған қарайды, халықты  
Осынша көп еттім.

Бұл шумақтар түркі елінің жері үлкен, ал халқы көп екендігін баяндауға арналған. Жыр түркілердің әскери жорықтарын айта отырып, Білге қағанның ел басқару шеберлігі мен Күлтегіннің жасаған ерліктеріне арналған. Жырдан түркі халқын басқарған Елтеріс қаған, Қапаған қаған, Білге қаған жөнінде мәліметтер аламыз. Бумын қаған мен Істемі қаған қайтыс болғаннан кейін түркі елінің өз ішінде алауыздық орнап, Түркі мемлекеті ыдырай бастайды. Осы кезең жырда: «Табғаш халқына бек ұлдары – құл болды, Пәк қыздары – күн болды», (сделавшийся рабынями и сделавшийся рабами) – деп елдің тіршілігінен хабар береді. Түркі елін жаудан азат ету үшін оғыз, соғды, түргеш, табғаштарға Күлтегін батырдың жасаған 23 жорығы бейнеленеді. Қарсы шыққан жауларды жеңіп, түркі еліне бейбіт өмір орнатады. Ақын Күлтегіннің ерлігі туралы:

Бастыны – еңкейтті, тізеліні – бүктірді,

Кедей халықты бай қылды.

Аз халықты көп қылды.

Тату елге жақсылық қылды, – деп зор мақтаныш сезіммен баяндалады.

Түркі ескерткіштерінде топонимикалық атаулар молынан кездеседі. Сол атаулардан сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілігі жайында хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Күлтегін ескерткішінде отызға жуық топоним, оншақты ел, тайпа аты кездеседі екен. Осы топонимдердің басым көпшілігі Білге қаған мен Тоныкөк ескерткіштерінде қайталанып келеді. Берілген атаулар арқылы Түркі халқының орналасқан аймағын, әскери жорықтарын біле аламыз. «Ескерткіште шығыс, батыс, солтүстік, оңтүстік жағында қоныстанған халықтар жөнінде, қалалар мен елді-мекендер және олардың тұрған орындары жөнінде көп көңіл бөлінді. Бұның барлығы соғдылар мен қытайларға өздерінің географиялық білімін кеңейтуге мүмкіндік туғызды. Ортағасырлық қытай географтары мен саяхатшылары Орталық Азияның жер-аттары мен этнонимдерін тікелей түріктерден қабылдаған Кенжеахмет Н. Ежелгі түркі (Орхон) ескерткіштеріндегі топонимдер [16, 257-267].

Мәселен, «Күлтегін» жырында Өтікен деген жер сөз болады. Кейбір деректерде Өтікен Түркілердің астанасы болған деп айтылады. «Күлтегін» жырының кіші жазуында,

«Тоғыз оғыз бектері, халқы,

Бұл сөзімді мұқият тыңда.

Терең ұқ.

Ілгері – күн шығысында,

Оң жақта – күн ортасында

Кейін – күн батысында,

Сол жақта – түн ортасында

Осының ішіндегі халықтың бәрі

Маған қарайды, халықты

Осынша көп еттім. Егер қазір баяғы кексіз түрк қағаны Өтүкен қойнауында отырса, (онда) ел мұңсыз» [15, 349]. Демек, «Күлтегін» дастандарына өзек болған идея – халыққа құтты қоныс, жерұйық, бақытты өмір іздеу сарыны бар.

«Күлтегін» жырының басты идеясы – түркі халқының мәңгілік ел болу үшін елін сыртқы жаудан азат етудегі күресін көрсету. Кейінгі түркі жұртына береке-бірлікті сақтап, тәуелсіз ел болуға үндеуі десек те болады. Күлтегін 10 жасында-ақ ер атанады. 16 жасынан бастап Табғаштарға қарсы күрес ашады, 47 жасында ерлікпен қаза табады. Күлтегін батыр қайтыс болғанда бүкіл түркі халқы қатты қайғырады. Жырда батырды жерлеуге жер-жерден көптеген атақты елшілер, батырлар, бектер, тас қашайтын шеберлер келгені айтылады. Ескерткішті тұрғызуға, оны өрнектеп, тасқа қашап жазу үшін мықты шеберлердің ат салысқаны туралы да анық жазылған.

Түркі халықтарының ішкі бірлігін жыр еткен «Күлтегін» жырының елдің идеялық мазмұны «Тоныкөк» жырымен үндес келеді. Бұл жырлардың көркемдік дәрежесі де жоғары. «Тоныкөк» жыры 313 өлең жолынан тұрады. Түркологтардың есептеуінше ескерткіш таста 62 руналық жазу жолынан тұрады. Жырда 14 оқиға бар. Жырдың композициялық тұтастығы сақталынған. Түркі қағанатының белгілі басшылары: Елтеріс, Қапаған, Білге қағандарға кеңесші болған ақын, жауынгер Тоныкөк «түрік әскерінің саяси жетекшісі» деген лауазымға ие болған. Тоныкөк табғаш (қытай) елінде туып, сонда білім алғаны жырда анық айтылған. VIII ғасырда жазылған

«Тоныкөк» жыры кейіпкердің:

«Білге Тоныкөк, мен өзім табғаш елінде тәрбиелендім.

Түркі халқы ол кезде табғаштарға бағынышты еді» – деп өзін таныстырумен басталады. Демек, Қытай елінде жүріп, олардың түркілерге көрсеткен қорлық-зорлығының бәрін көріп, біліп өскен Тоныкөк 683 жылы Құтылыққа қосылып, қытайларға қарсы көтеріліске шығады. Осы жолы түркі халқы жеңіске жетіп, Екінші Шығыс Түркі қағанатын құрып, Құтылық «қаған» болып сайланады. Табғаштардың айдап салуымен көтеріліске шыққан оғыздарды жеңіп, қолға түскен тұтқындарды Тоныкөктің ақылымен Құтылық қаған босатып, еліне қайтарады. Тоныкөк оғыздарға: «Түбіміз бір туыспыз. Өзара қырқысқаннан өзгеге жем болғаннан басқа пайда жоқ. Табғаш елі ортақ жауымыз. Сондықтан соған қарсы күш біріктірейік. Бір бірімізді өгейсітіп, көзге түрткеннен тапқан олжамыз кәні? Бірігіп ел болайық, осыны айта барыңдар. Кім де кім бірлік байрағын көтеремін, ата жауға қарсы бірлесіп күресемін десе, Отыкенге келсін» дейді. Осы сөзден кейін оғыздар түгелдей түркі туының астына жиналады. Кейін бұл жөнінде Тоныкөктің өзі тас жазуда: «Осыдан кейін оғыздар өз аяғымен көтеріле келді. Келтіргендей-ақ келтірдім-ау» деп ризалық сезіммен сол кезді еске алады.

Құтылық қаған қайтыс болғаннан кейін, орнына інісі Қапаған отырады. Тоныкөк оған да сенімді серік, білікті ақылшы болып қызмет етеді. Бірақ, жырда Қапаған қатыгез қаған болып, ақылсыз бола бастады деп суреттеледі. Қарамағындағы ру тайпалардың арасында алауыздық туып, өзара жанжалдасады. Тоныкөк ел бірлігін сақтау үшін күндіз отырмай, түнде ұйықтамай, ат үстінде жүреді. Бірақ Тоныкөктің халық алдындағы беделінің тым жоғарлығын қызғанған Қапаған оны ел билігінен оқшаулай бастайды. Қағанат құлауға айналады. Ақырында Қапаған қаған ойда жоқта өз қандастарының қолынан қаза табады. Қапаған қаған қайтыс болғаннан кейін Білге (Могилян) таққа отырады. Білге қаған Қапаған кезеңінде шашырап кеткен ру тайпаларды қалпына келтіріп, Түркі қағанатын қалпына келтіреді. Күлтегіннің ағасы Білге қаған (Могилян) тасын 1889 жылы Монғолиядағы Орхон өзенінің бойынан Н.Я. Ядринцев табады. Ондағы оқиғалар Күлтегін ескерткішімен дәлме-дәл келеді. Түркі қағанатын нығайтуға елеулі үлес қосқан Білге қаған 683 жылы туып, 734 жылы қайтыс болған. Бұл таста 80 жол, 3000-нан астам сөз, 10 мыңдай таңба-әріп бар. Ескерткішті алғаш рет тауып, жұртшылыққа таныстырған Е.Л. Клеменц, В.В. Радлов

ескерткіштің аудармасын жасап, неміс тілінде баспадан шығарды.

Білге қаған – екінші Шығыс Түрік қағанатының атақты билеушісі. Оның тұсында «Білге қаған» деген сөздің мән-мағынасы – «билікті, билік-төрелікті ұстай білген, сұңғыла-білгір қаған» деген ұғымды білдіреді. Білге қаған тұсында Екінші Түрік қағанаты аса қуатты империяға айналады. Бұл жырда да ел тұтастығын сақтау идеясы бар. Білге Қаған Ескерткішінде оғыз, тоғыз-оғыз, қырқыз, құрықан, отұз татар, татабы, қытан, ұйғыр, үч құрықан, қарлұқ, түргеш секілді көшпелі түркі этностары және де моңғол-манжұр тектес рутайпаларымен қатар Бөклі чөллік ел, түпүт, апар, пұрұм, табғач, т.б. отырықшы елдер туралы тарихи деректер нақты келтірілген.

Білге қаған інісі Күлтегінге әскерлерді сеніп тапсырып, әскербасы сайлайды. Ал, Тоныкөкті мемлекеттік кеңесші етіп тағайындаған. Тарихи деректерге сүйенсек, Білге қаған тұсында 20 жыл шамасындақытаймен екі ел арасында бейбіт өмір қалпына келтіріледі. Жырда тек Білге қаған ғана емес, Құтылық, Күлтегін, Тоныкөктердің ел қорғау жолындағы ерліктері айтылады.

«Тәңірі жарылқады!

Бүкіл түркі халқына

қарулы жау келтірмедім,

атты әскер жолатпадым.

Елтеріс қаған жауламаса,

оған еріп мен жауламасам,

елім, халқым жойылар еді.

Оның шабуылының нәтижесінде,

менің шабуылымның нәтижесінде

еліміз қайта ел болды,

халқымыз қайта халық болды.

Өзім қартайдым, ұлық болдым.

Түркі Білге қағанның еліне

арнап тасқа жаздырған

мен Білге Тоныкөкпін» дейді дана қарт. Тарихшылардың жазбаларында Тоныкөк 741 жылы 95 жасқа жетіп, ал 734 жылы Білге қаған уланып қайтыс болған деген деректер кездеседі. Көне түркілердің ел бастаушы көсемдері мен батырларын суреттейтін орхон ескерткіштеріндегі мәтінді эпостық жырға жатқызамыз. Себебі, жыр поэзиядағы бейнелеу тәсілдерімен жазылып, шығарманың поэтикалық образын арттырып тұр.

**Нәтижелер.** Орхон ескерткіштерінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйтқысы болу қажеттігі түп нысанаретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айрылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр. Сондықтанда өз алдына тәуелсіз ел болған түркі халықтары өзара ынтымақтастықты күшейту үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2009 жылғы 3 қазанда Әзірбайжан Республикасының Нахчыван қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының IX Саммитінде түркі өркениетінің жалпыадамзаттық өркениеттегі алатын орнын бағамдап, түркі әлемінің өткенін, бүгінін және болашағын зерттейтін халықаралық ғылыми орталық құру туралы ұсыныс жасады. Ұсыныс түркітілдес мемлекеттер тарапынан қолдау тауып, 2010 жылдың 25 мамырында Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласында ғылыми орталық – Түркі академиясы ашылды.

Н.Ә. Назарбаев түркі жұртының жоқ жітігін түгендеп, түбі бір түркі елінің ертеңін

баянды етуге бағытталған бірқатар бастамаларды көтерді, ұтымды ұсыныстарын ортаға салды. Елбасы ұлы Ататүрік аңсап өткен түркі тілдес мемлекеттердің бірлігін орнату үшін Қазақстан дәйекті ұстанымды бағдар еткенді жөн санайтынын жеткізіп, ол үшін ең алдымен саяси деңгейдегі ынтымақтастықты одан әрі жетілдіру, оны уақыттың талабына сай жаңа белеске шығару қажеттігін қадап айтты.

Қазақстанда Түркі академиясының халықаралық ұйымның (International Turkic Academy) мақсаты – Түркі халықтарының ғылыми қауымдастығының ғылым мен білімінің дамуы, сондай-ақ басқа да түркі тілдес мемлекеттер қайраткерлерінің бастамаларына жағдай жасау және олардың басын бір арнаға қосу. Біздің ұсынысымыз көне дәуірден бүгінге дейінгі түркі әлемі тарихын, тілі мен әдебиетін және мәдениетін зерттеп, түркі мемлекеттерінің әлемдік өркениеттегі орны мен ерекше үлесін төлтума деректер негізінде аша отырып, жалпы түркі әлеміне қатысты ғылыми зерттеулерді үйлестіретін бірегей орталыққа айналдыру керек. Сонда ғана қазіргі түркі халықтарының тарихи байланысы мен бірлігі нығайып, түркі елдерінің ортақ мәдениетін әлемге танытуда маңызды болары анық.

**Қорытынды.** Қай халықтың болсын ерте замандардағы алғашқы әдебиеті, жазба әдебиет нұсқалары, сол халықтың бүгінгі тілінде болуы шарт емес. Кейбір халықтардың ондай әдебиетінің басқа тілде, сол халыққа осы күнде түсініксіз тілде болуы, бірақ сол халық жерінде, сол халық өкілдері тарапынан жасалған, сол халықтың бір кездегі өмірін көрсететін әдебиет нұсқалары болуы ықтимал», – деп көрсетеді ғалым Б. Кенжебаев [17, 258]. Сондықтан да орхон ескерткіштеріндегі жазулар көне түркі, шағатай (шағатай, тілі – араб және парсы сөздері араласқан түркі ру-тайпаларының кітаби тілі, ол сол кездегі барлық түркі тектес халықтарға түсінікті тіл болған), ұйғыр, араб, парсы тілдерінде жазылғанмен, біз оларды төл әдебиетіміздің тарихының басы деп танымыз. Ежелгі дәуір әдебиетіміздің туындылары тек қазақ халқының ғана еншісі емес, олардың басқа түркі тектес халықтардың да әдебиетіне ортақ. Себебі, қазақ халқы өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түрікмен, ұйғыр, қарақалпақ, хакас, башқұрт, татар халықтарының төл құрамына енген ру-тайпалармен аралас өмір кешкен. Олар қазіргі Қазақстанды, Орта Азияны, Оңтүстік–шығыс Сібірді, Орталық Азияны, Еділ бойын, Каспий жағалауларын мекен еткен. Экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірі бір-бірімен өзара тығыз байланысты болғандықтан, түркі тілдес халықтардың әдебиеті де ортақ болатыны анық. Кумандар, Дешті Қыпшақтар, тағы басқадай атанған жартылай көшпелі, жартылай отырықшы түркі тілдес халықтардың ерлігі, тұрмыс-тіршілігі, арман-қиялы поэзия тілімен жырланып, ерлік эпостар, ертегілер, аңыздарда баян етілген. Құлпытас, күмбез түріндегі ескерткіштерге өздерінің елеулі-елеулі тарихи адамдары туралы жоқтау, мадақтауларын жыр түрінде ойып жазып қалдырып отырған. Бұл түркі ұлыстарының жазу мәдениеті ертеден пайда болғанын көрсетеді. Ол жазулар дами келе Күлтегін, Тоныкөк, Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари, Ахмет Йасауи, Бақырғани, Хорезми, т.б. орта ғасырлық ғұламалар шығармаларының сақталуына негіз болды. Бұл шығармалардан көне түркі елінің атақ-даңқы артып, елдің іші де, сырты да бейбіт өмір сүргендігін көре аламыз. Бейбіт өмір сүру салты түркі халықтарының ата-бабаларынан, яғни сақтар заманынан бастау алса, қазақ халқы тарих сахнасына «Мәңгілік ел» идеясы ретінде жалғастырып келеді. «Мәңгілік ел» идеясы барлық түркілердің бір тарихи кезең VII ғасырда, бір шаңырақ астында тұрғанда қабылданған және жарияланған идея болатын. Ендеше, тарих сынынан өткен бұл идея бүкіл түркі дүниесі үшін ортақ және осы идея төңірегіне бірігу қазіргі замандағы түркі тектес халықтардың мұраты десек, қателеспейміз» [18, 320].

Демек, түркі елдері мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстана білген. Ұлы Түрік қағанатын ешбір жау әскер күшімен жеңе алмағаны тарихта жақсы жазылған. Алайда, жұдырықтай жұмылып отырған түркі елінің ішіне жау жағы ғасырлар бойы іріткі салып келді. Ақыры Ұлы Түрік империясы екіге бөлінеді. Бұндай ауыр кезеңдер де жырларда баяндалады. Дегенмен, тек қана жақсылыққа үміттенген халықтың жігерін қайрау мақсатында елдің мүшкіл халін суреттейді.

«Ақылды кісілерді, батыл кісілерді  
табғаштар қозғай алған жоқ.  
(Егер) бір кісі алданса (онда) руы,  
халқы тұқымына дейін қалмас еді.  
Тәтті сөз, асыл дүниесіне  
көп алданып  
Түрк, халқы, қырылдың,  
Түрк халқы, жойылдың,  
Түстікте Шұғай қойнауы түгіл,  
Түн жазығына қоныстансақ десуші ең.  
Түрк халқы, жойылдың...» [15, 349].

Бұл жолдар арқылы түркі халқы ақылды, батыл көсемдердің арқасында сақталып қалатынын түсінуге болады. Елдің жігерін көтеру мақсатында жазылатын жырлардың бастауы осы кезеңдерден нәр алатынын байқаймыз.

Тасқа қашап жазған жырларда, Парсы, Қытай деректерінде кездесетін аңыздауларда Түрк елінің бүкіл әлемді аузына қаратқан айбарлы да абыройлы дәуірі суреттеледі. Бұның өзі мәңгі тастар арқылы болашаққа ата-бабаларының жүріп өткен соқпақ жолдарын және жеткен жетістіктерін болашақ ұрпақ біле жүрсін деген ниетпен жасалған іс деп ойлаймыз. Бұны «Күлтегін» жырының мына жолдарынан көре аламыз:

«Биікте көк Тәңірі,  
Төменде қара жер жаралғанда,  
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.  
Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған,  
Істемі қаған отырған.  
Отырып, түрк халқының ел-жұртын  
Қалыптастырған, иелік еткен  
Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,  
Сарбаздарымен аттанып,  
Төрт бұрыштағы халықты  
Көп алған, бәрін бейбіт еткен,  
Бастыны еңкейткен,  
Тізеліні бүктірген,  
Ілгері – Қадырқан қойнауына дейін,  
Кері – Темір қақпаға дейін жайлаған [15, 352].

Түркі халқының өз алдына ел болып, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасауды Көне Түркілер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналып отыр.

Түркі әлемінің бір бөлшегі ретінде өмір сүріп жатқан Қазақ елі – Түркі қағанатының ұрпағы. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында: «Зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды» [19] – дейді. Сол себептен де, осы өлкеде пайда болған әдебиет нұсқаларын жан жақты зерттеу бүгінгі гуманитарлық ғылымдардың назарынан түспейтіні анық.

### Әдебиеттер

1. Аманжолов А. Тексты орхонских памятников. – Алматы: ҚМКӘБ, I том, 1998. –177 с.
2. Малов С. Памятники древнетюрской письменности. – Москва: 1951.– 181 с.
3. Оркун Х. Eski turk vazitlari. – Ankara: 1994. – 571 s.
4. Tekin T.A. Grammar of Orkhon Turcic. Indiana Univirsity Publications. The Hague, 1968. – 32 s.

5. Айдаров Ғ. «Күлтегін ескерткіші». – Алматы: Жазушы. 1996, 177 б.
6. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Астана: Елорда. 2001, 224 б.
7. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі. 199,1, 264 б.
8. Келімбетов Н. . Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – Алматы: Жазушы. 2014, 402 б.
9. Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI-VIII веков. – Москва. 1965, 256 б.
10. Гумилев Л. Древние тюрки. – Москва. 1967, 322 б.
11. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы. 1985, 368 б.
12. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Жазушы. 1958, 110 б.
13. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996, 127 б.
14. <http://atalarmirasi.org/257-kone-turk-zhazba-eskertkishterinde-atalatyn-shetel-etnonim-deri>
15. Жолдасбеков М. Асыл арналар. I том. Зерттеулер. Мақалалар. – Астана: Күлтегін. 2012, б.
16. Кенжебаев Б. Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – Алматы: Жазушы. 2014, 402 б.
17. Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2009. – № 1 (268), 267 б.
18. Сыздықов С., Қанаев С., Жеңіс Ж. «Мәңгілік ел идеясы: қалыптасуы, үш негізі тарихи сабақтастық. – Астана: Фолиант, 2013, 320 б.
19. <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-zheti-qyru>

**А.Е. АЛИМБАЕВ**

Еуразия гуманитарлық институты  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

### **ИДЕЯ «МӘНГІЛІК ЕЛ» В РАННИХ ЭПИЧЕСКИХ ПОЭМАХ В ТЮРКСКИХ НАРОДАХ**

**Аннотация.** В данной статье говорится, что тюркские народы имели письменность, культуру, традиции, общую историю. Об этом свидетельствуют надписи, высеченные на камне еще в V-VIII веке. Факты из Орхонских памятников о тюркских народах, населявших Среднюю Азию, подтверждают, что древние тюрки уже в V веке боролись право быть «вечной независимой страной». Также была рассмотрена важность рунических надписей на Орхонских памятниках в систематизации тюркологии, обозначив историко-относительную направленность современного языкознания.

**Ключевые слова:** Тюрк, Каган, перевод, транскрипция, тюркология, каменная письменность, памятник, история, поэма, орхон. Күлтегін, Бильге, Тонікөк, эпическая поэма, руника, топонимика, мәңгілік ел.

**A.E. ALIMBAYEV**

Department of Kazakh and Russian Philology, Eurasian Humanities Institute,  
Nur-Sultan, Kazakhstan

### **THE IDEA OF ETERNAL COUNTRY IN THE FIRST EPIC POEMS OF THE TURKIC PEOPLE**

**Abstract.** The inscriptions on the white stones have been evidence of the fact that Turkic people had their writing, culture, tradition, history and the path they made and in the V-VIII

centuries. The article introduces with the data about Turkic people inhabited in Central Asia through Orkhon monuments and determines that the ancient Turks struggled to be «an eternal independent country» in the fifth century. Moreover, the article considers the importance of runic inscriptions in the Orkhon monuments in the systematization of Turkic studies by defining the historical-comparative direction of modern linguistics.

**Key words:** Turkic, translation, transcript, stone inscription, epic poem, toponymy.

### References

1. Amanzholov A. Teksty orhonskih pamjatnikov. – Almaty: ҚМКӘБ, I tom, 1998. – 177 s.
2. Malov S. Pamjatniki drevnetjurskoj pis'mennosti. – Moskva: 1951. – 181 s.
3. Orkun H. Eski turk vazitlari. Ankara: 1994, str 571.
4. Tekin T.A. Grammar of Orkhon Turcic. Indiana Univirsity Publications. The Hague, 1968.
5. Ajdarov G. «Pamjatnik Kul'tegin». Almaty: Zhazushy. 1996, str 177.
6. Кыраубайкызы А. Древняя литература. Астана: Elorda. 2001, str 224.
7. Kelimbetov N. Древняя литература. Almaty: Ana tili. 1991, str 264.
8. Kelimbetov N. Issledovanie drevnetjurskoj literatury. Almaty: Zhazushy. 2014, str 402.
9. Stebleva I.V. Pojezija tjurkov VI-VIII vekov. Moskva. 1965, str 256.
10. Gumilev L. Drevnie tjurki. Moskva. 1967, 322 bet.
11. Margulan A.H. Drevnie pesennye legendy. Almaty: Zhazushy. 1985, str 368.
12. Zhumaliev K. Problemy istorii kazahskogo jeposa i literatury. Almaty: Zhazushy. 1958, str 110.
13. Amanzholov A. Tjurkskaja filologija i istorija pis'mennosti. Almaty: Sanat, 1996, str 127.
14. <http://atalarmirasi.org/257-kone-turk-zhazba-eskertkishterinde-atalatyn-shetel-etnonimderi>
15. Zholdasbekov M. Asyl arnalar. I tom. Issledovanie. Stat'i. Astana: Kul'tegin. 2012, str.
16. Kenzhebaev B. Issledovanie drevnetjurskoj literatury. Almaty: Zhazushy. 2014, str 402.
17. Izvestija NAN RK. Serija obshhestvennyh nauk. – 2009. – № 1 (268), str 267.
18. Syzdykov S., Kanaev S., Zhenis Zh. «Ideja vечноj strany: stanovlenie, tri osnovnye istoricheskie preemstvennosti». – Astana: Foliant, 2013, str 320.
19. <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-zheti-qyry>

### Авторлар жайлы мәлімет:

**Алимбаев Аслан Есемканович** – философия докторы (PhD), Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Алимбаев Аслан Есемканович** – доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института, Нур-Султан, Казахстан.

**Alimbaev Aslan Yesemkhanovich** – Doctor of Philosophy (PhD), docent of the of Eurasian Humanitarian Institute, Nur-Sultan, Kazakhstan.



Техникалық редактор: **М. Аманғазықызы**  
Компьютерде беттеген: **А.С. Сыздыкова**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ.  
– 2021. – 3. – Нұр-Сұлтан: ЕАГИ. 92 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.